

Көмектесу үшін әрдайым осындағының

Өнімді мына жерде тіркеп, оған қолдау алғызы:

[www.philips.com/support](http://www.philips.com/support)



HTL6140B  
HTL6140S



Қолдануышының нұсқасы

**PHILIPS**



# Мазмұндар кестесі

<b>1</b>	<b>Маңызды ақпарат</b>	2	
	Анықтама және қолдау	2	
	Кауіпсіздік	2	
	Өнім күтімі	3	
	Коршаған ортанды күту	3	
	Сәйкестік	4	
<b>2</b>	<b>Сіздің SoundBar жүйеніз</b>	4	
	Негізгі бөлік	4	
	Қашықтан басқару пульті	5	
	Қосқыштар	6	
	Сымсыз сабвуфер	6	
<b>3</b>	<b>Қосылу және параметрлерді орнату</b>	7	
	Сабвуфермен жұлттау	7	
	Орналастыру	7	
	Теледидарға жалғау	8	
	Сандық кұрылғыларды HDMI арқылы жалғау	8	
	Дыбысты теледидардан және басқа кұрылғылардан косу	9	
<b>4</b>	<b>SoundBar жүйесін пайдалану</b>	10	
	Дыбыс деңгейін реттеу	10	
	Дыбысты таңдау	10	
	Дыбысты Bluetooth арқылы ойнату	11	
	NFC арқылы Bluetooth қосу	12	
	MP3 ойнатқышы	12	
	USB жад құрылғылары	12	
	Автоматты күту режимі	13	
	Дисплей жарықтығын орнату	13	
	Зауыттық параметрлерді қолдану	13	
<b>5</b>	<b>Бағдарламалық құралды жаңарту</b>	14	
	Бағдарламалық жасақтама нұсқасын тексеру	14	
	Бағдарламалық құралды USB арқылы жаңарту	14	

# 1 Манызды ақпарат

Өнімді колданар алдында барлық нұсқауларды оқып, түсніп алған жөн. Егер нұсқауларды сактамаудан зақым келсе, кепілдік қолданылмайды.

## Анықтама және қолдау

Кенеятілген онлайн қолдауын алу үшін келесі [www.philips.com/support](http://www.philips.com/support) торабына кіріңіз:

- пайдаланушы нұсқаулығы мен жылдам бастау нұсқаулығын жүктеп алу;
- бейне материалдарды қарau (тек кейір үлгілер үшін қол жетімді);
- жиі қойылатын сұраптарға (ЖКС) жауаптарды табу;
- электрондық пошта арқылы бізге сұрап жіберу;
- қолдау көрсетуші өкілдермен сөйлесу. Тілді таңдал, өнімніздің үлгі нөмірін енгізу үшін веб-сайттағы нұсқауларды орындаңыз. Сонымен қатар, елініздегі тұтынушыларға техникалық қызмет көрсету орталығына хабарласуыңызға да болады. Хабарласу алдында, өнімнің моделі мен сериялық нөмірін жазып алыңыз. Бұл ақпаратты өнімнің артқы немесе астынғы жағынан таба аласыз.

## Қауіпсіздік

**Электр тоғының соғу немесе өрт шығу қаупі бар!**

- Өнімге немесе оның қосалкы құралдарына жаңбыр немесе су тимеуі керек. Өнімнің жаңына ваза сияқты сұйықтық құйылған ыдыстарды қоймаңыз. Өнімге сұйықтықтар төгіліп кетсе, оны дереу розеткадан ажыратыңыз. Өнімді пайдаланбастан бұрын оны тексеріп алу

үшін тұтынушыларға қызмет көрсету орталығына хабарласыңыз.

- Өнімді және қосалкы құралдарды оттың немесе басқа қызы көздерінің жаңына, соның ішінде тікелей күн сәулемесіне қоймаңыз.
- Өнімнің жедедеткіш тесіктеріне немесе басқа саңылаулырына ештene салмаңыз.
- Жел істікшесі немесе құралды жалғашу ажырату құрылғысы ретінде қолданылғанда ажырату құрылғысы жұмыс істеуге дайын күйінде қалады.
- Найзағайлы бораннан бұрын өнімді розеткадан ажыратып қойыңыз.
- Электр шнурын ажыратқанда, ешқашан кабелінен емес, әрдайым ашасынан тартып сұрыныңыз.

**Қысқа жүйе немесе өрт қаупі!**

- Өнімді розеткага қоспай тұрып, электр кернеуі өнімнің артында жазылған мәнге сәйкес келетінін тексеріңіз. Егер кернеу басқа болса, өнімді розеткага қосуышы болмаңыз.

**Жарақаттану немесе өнімге зақым келу қаупі бар!**

- Қабырғаға ілінетін өнімдерді тек жинақпен берілген қабырға кронштейнімен іліңіз. Қабырға кронштейнін өнім мен қабырға кронштейнінің салмағын ұстап тұра алатын қабырғага орнатыңыз. Gibson Innovations компаниясы қабырғаға Аұрыс орнатпау салдарынан орын алған келенсіз жағдайларға, дene жарақатына немесе зақымдануға жауап бермейді.
- Өнімді немесе басқа заттарды қуат сымдарының немесе электр жабдықтарының үстінен қоймаңыз.
- Өнім 5 °C градустан төмен температурада тасымалданған болса, оны қаптамасынан шығарыңыз да, розеткага жалғамай тұрып, белме температурасына дейін жылдынуын күтіңіз.
- Осы өнімнің бөлшектері әйнектен жасалуы мүмкін. Жарақат алmas үшін және зақымданбас үшін абайлап ұстаныңыз.

## Қатты қызып кету қаупі бар!

- Бұл өнімді тар жерде орнатуға болмайды. Желдетілу үшін, өнімнің айналасында міндетті түрде кемінде 10 сантиметр орын қалдырыныз. Өнімдегі желдеткіш тесіктердің переделер немесе басқа заттармен жабылып қалмауын қадағалаңыз.
- Ластану қаупі!**
- Батареяларды араластырып пайдаланбаңыз (ескі және жаңа немесе көміртек және сілті, т.б.).
- Батареяны қайта қате салса, жарылыс қаупі туындаңыз. Дәл сондай немесе соған тен түрімен ауыстырыныз.
- Батареялардың заряды таусылған немесе қашықтан басқару құралы ұзақ уақыт пайдаланылмайтын болса, батареяларды шығарыныз.
- Ішінде химиялық заттар бар болғандықтан, батареяларды дұрыс тастау керек.

## Батареяларды жұтып қою қаупі бар!

- Өнімде/қашықтан басқару құрығысында жұтуға болатын тынға/тұймеге ұксас батарея болуы мүмкін. Барлық жағдайда батареяны балалардан аулақ ұстаныз! Жұтылған жағдайда батарея ауыр жарақатқа немесе өлімге себеп болуы мүмкін. Жұтылғаннан кейін екі сағат ішінде ішкі мүшелеңдердің күйіп қалу қаупі бар.
- Батареяны жұтып қойды немесе денесінің басқа жеріне кіріп кетті деп құдіктенсөніз, дереу дәрігерге қаралыныз.
- Батареяны ауыстыру кезінде, барлық жаңа және ескі батареяларды балалардың қолы жетпейтін жерде ұстаныз. Батареяны ауыстырганнан кейін, батарея бөлімінің жақсылап жабылғанын тексеріңіз.
- Егер батарея бөлімін жақсылап жабу мүмкін болмаса, өнімді колданбаңыз. Балалардың қолы жетпейтін жерге койып, өндірушіге хабарласыныз.



Бұл қос изоляциясы бар және қорғағыш жерге қосу қамтамасыз етілемеген II СыныПТЫ жабдық.



## Өнім күтімі

Өнімді тек ұсақ талшықты шуберектермен тазалаңыз.

## Қоршаған ортаны күту

Ескірғен бүйімдерды және батареяны жою



Бұл өнім қайта өндеп, қайта пайдалануға болатын жоғары сапалы материалдар мен бөлшектерден жасалған.



Өнімдегі бұл таңба өнімнің 2012/19/EU европалық директивасы арқылы қамтылатынын білдіреді.



Өнімдегі бұл таңба өнімде 2013/56/EC европалық директивасына сай келетін, қалыпты тұрмыстық қоқыспен бірге тастаға болмайтын батареялар бар екенін білдіреді. Электр және электрондық бүйімдер мен батареяларға арналған жергілікті жеке жинау жүйесінің ережелерімен танысыныз. Жергілікті ережелерді орындаңыз және бүйімдер мен батареяларды қалыпты

Тұрмыстық қалдықтармен бірге тастамаңыз. Есқи бұйымдар мен батареяларды қоқысқа дұрыс тастау коршаған ортага және адам денсаулығына зиянды әсерлер тигізбеуге көмектеседі.

**Лақтыруға болатын батареяларды тастау**  
Тасталатын батареяларды шығарып алу үшін батареяны орнату тарауын қарашыз.

## Сәйкестік

**€ 0560**


Бұл өнім Еуропа қоғамдастырының радио кедергілеріне қойылатын талаптарына сай. Осы құжат арқылы Gibson Innovations компаниясы бұл өнімнің 1999/5/EC директивасының негізгі талаптары мен басқа да тиісті ережелеріне сәйкес келетінін мәлімдейді. Сәйкестік туралы декларацияны [www.p4c.philips.com](http://www.p4c.philips.com) сайтынан табуыңызға болады.

## 2 Сіздің SoundBar жүйеніз

Сатып алғаныңыз құтты болсын және Philips компаниясына қош келдіңіз! Philips ұсынатын қолдауды тоłyқ пайдалану үшін SoundBar жүйесін [www.philips.com/welcome](http://www.philips.com/welcome) торабында тіркеніз.

### Негізгі бөлік


Бұл бөлімде негізгі құрылғыға шолу жасалады.



- ① Ⓛ (Күту режимі қосылды/Күту режимінің көрсеткіші)
  - SoundBar жүйесін қосу немесе күту режиміне ауыстыру.
  - SoundBar жүйесі күту режимінде болғанда күту режимінің көрсеткіші қызыл болады.
- ② SOURCE SoundBar жүйесінен кіріс көзін таңдау.
- ③ Дисплейлі панель
- ④ +/- (Дауысы) Даыбыс деңгейін жоғарылату немесе төмендету.
- ⑤ NFC тегі Bluetooth қосылымы үшін тегтегі NFC-қосылған құрылғыны түртіңіз.

# Қашықтан басқару пульті

Бұл бөлімде қашықтан басқару құралына шолу жасалады.



## ① ⚡ (Күті режимі қосылды)

SoundBar жүйесін қосу немесе күті режиміне аудиостыру.

## ② Негізді ашу түймелері

- **HDMI ARC**: көзді HDMI ARC қосылымына аудиостыру.
- **HDMI IN**: көзді HDMI IN қосылымына аудиостыру.
- **Bluetooth**: Bluetooth режиміне аудиостыру.
- **USB**: USB режиміне аудиостыру.
- **OPTICAL**: Дыбыс көзін оптикалық қосылымға аудиостыру.

- **AUX**: дыбыс көзін AUDIO IN немесе AUX қосылымына (3,5 мм ұя) аудиостырыныз.

## ③ ◀ / ▶ (Алдыңғы/келесі)

USB режимінде алдыңғы немесе келесі трекке өтү.

## ④ ▶ II (Ойнату/үзіліс)

- USB режимінде бастау, кідірту немесе жалғастыру.

## ⑤ BASS +/-

Бассты көбейту немесе азайту.

## ⑥ Дауыс реттеуші

- +/ -: Дыбыс деңгейін жоғарылату немесе төмендету.
- **🔇**: Дыбысты өшіру немесе қалпына келтіру.

## ⑦ SOUND

Дыбыс режимін таңдау.

## ⑧ SURROUND ON/OFF

Көлемді дыбысты немесе стерео дыбысын таңдау.

## ⑨ AUTO VOL ON/OFF

Автоматты дыбыс деңгейін қосу немесе өшіру.

## ⑩ NIGHT ON/OFF

Түн режимін қосу немесе өшіру.

## ⑪ AUDIO SYNC +/-

Дыбыс кідірісін көбейту немесе азайту.

## ⑫ DIM


SoundBar дисплей панелінің жарықтығын орнату.

## ⑬ TREBLE +/-

Жоғарғы дыбыс жиілігін көбейту немесе азайту.

## Қосқыштар

Бұл бөлімде SoundBar жүйесінде қол жетімді қосқыштарға шолу жасалады.



### ① HDMI OUT (ARC) - TO TV

Теледидардағы HDMI кіріс ұясына жалғау.

### ② HDMI IN

Сандық құрылғыдағы HDMI шығыс ұясына жалғау.

### ③

- USB сактау құрылғысынан алынған дыбыс көзі.
- Осы өнімнің бағдарламалық құралын жаңарту.
- USB құрылғысын өзгерту.

### ④ DC IN

Қуат көзіне жалғау.

### ⑤ AUX IN


AUDIO IN немесе AUX көзі арқылы құрылғыдағы аудио шығысина жалғаңыз (кашықтан басқару құралындағы **AUX** түмесін қайта-қайта басыңыз).

### ⑥ OPTICAL IN

Теледидардағы немесе сандық құрылғыдағы оптикалық дыбыс шығыс ұясына жалғау.

## Сымсыз сабвуфер

SoundBar жүйесі сымсыз сабвуфермен келеді.



### ① CONNECT (жалғау)

Сабвуфердің жұптау режиміне өту үшін басыңыз.

### ② Сабвуфер көрсеткіші

- Қуат қосылған кезде, көрсеткіш жаңады.
- Сабвуфер мен негізгі құрылғы арасында сымсыз жұптау кезінде көрсеткіш ақ болып жылдам жыптылықтайды.
- Жұптау сәтті аяқталғанда, көрсеткіш ақ болып жаңады.
- Жұптау сәтсіз болғанда, көрсеткіш ақ болып жай жыптылықтайды.
- Сымсыз байланыс бір минутқа ажыратылғанда, индикатор өшеді.

### ③ AC MAINS~

Қуат көзіне жалғау.

### 3 Қосылу және параметрлерді орнату

Бұл бөлім SoundBar жүйесін теледидарға және басқа құрылғыларға қосуға, одан кейін параметрлерін орнатуға көмектеседі. SoundBar жүйесі мен қосалқы құралдардың негізгі қосылымдары туралы ақпарат алу үшін жылдам бастау нұсқаулығын қараңыз.



#### Ескертпе

- Идентификаторды және жабдық рейтингтерін өнімнің артындағы немесе тәменгі жағындағы түр тектасында көріңіз.
- Қандай да қосылымдарды жасау немесе өзгерту алдында барлық құрылғылар розеткадан ажыратылғанын тексерініз.

3 Алты секунд ішінде қашықтан басқару құралындағы түймесін екі рет және **BASS +** түймесін бір рет басыныз, содан кейін **SURROUND ON** түймесін басып тұрыңыз.

→ Жұптау сәтті аяқталса, сабвуфердегі көрсеткіш ақ болып жанады.

→ Жұптау сәтсіз болса, сабвуфердегі көрсеткіш ақ болып жай жыпылықтайды.

4 Жұптау сәтсіз болса, жоғарыдағы қадамдарды қайталаныз.

### Орналастыру


Сабвуферді SoundBar жүйесінен кемінде 1 метр (3 фут) алыс, ал қабырғадан он сантиметр алыс орналастырыныз. Ең жақсы нәтижелерге қол жеткізу үшін сабвуферді тәмендегідей орналастырыныз.

Казакша

### Сабвуфермен жұптау

SoundBar жүйесін және сабвуферді қосқанда сымсыз сабвуфер SoundBar жүйесімен автоматтa түрде жұптастырылады. Егер сымсыз сабвуферден дыбыс естілмесе, сабвуферді қолмен жұптастырыныз.

- 1 SoundBar жүйесі мен сабвуферді қосыңыз.
- SoundBar жүйесіне қосылым жоғалса, сабвуфердегі көрсеткіш ақ болып жай жыпылықтайды.
- 2 Жұптастыру режиміне өту үшін сабвуфердегі **CONNECT** (жалғау) түймесін басыңыз.
- Сабвуфердегі көрсеткіш ақ болып жылдам жыпылықтайды.




## Теледидарға жалғау

SoundBar жүйесін теледидарға қосыңыз. Телебағдарламалардың дыбысын SoundBar жүйесі арқылы тыңдай аласыз. SoundBar жүйесі мен теледидарда қол жетімді ең жақсы сапалы қосылымды пайдаланыңыз.

### Теледидарға HDMI (ARC) арқылы қосылу

SoundBar жүйесі Дыбыстық қайтару арнасы (ARC) мүмкіндігі бар HDMI көзін қолдайды. Теледидар HDMI ARC көзімен үйлесімді болса, бір HDMI кабелін пайдаланып, теледидар дыбысын SoundBar жүйесі арқылы ести аласыз.



- 1 Жылдамдығы жоғары HDMI кабелін пайдаланып, SoundBar жүйесіндегі **HDMI OUT (ARC)-TO-TV** коннекторын теледидардағы **HDMI ARC** коннекторына жалғаңыз.
  - Теледидардың **HDMI ARC** қосышының белгісі басқа болуы мүмкін. Мәліметтерді теледидардың пайдаланушы нұсқаулығында қараңыз.
- 2 Теледидарда HDMI-CEC әрекеттерін қосыңыз. Мәліметтерді теледидардың пайдаланушы нұсқаулығында қараңыз.



Eskertpe

- Теледидар HDMI ARC көзімен үйлесімді болмаса, теледидар дыбысын SoundBar арқылы ести үшін дыбыстық кабельді жалғаңыз (акылдаус 'Дыбысты теледидардан және басқа күрылғылардан косу' бет 9).
- Теледидардың DVI қосышы бар болса, теледидарға қосылу үшін HDMI/DVI адаптерін пайдалануға болады. Бірақ, кейбір мүмкіндіктер қол жетімді болмауы мүмкін.

### Сандық күрылғыларды HDMI арқылы қосылу

Телеприставка, DVD/Blu-ray ойнатқышы немесе ойын консолі сияқты сандық күрылғыны SoundBar жүйесіне бір HDMI қосылымы арқылы қосыңыз. Күрылғыларды осылайша жалғағанда және файлды немесе ойынды ойнатқанда,

- теледидарда бейне көрсетіледі және
- дыбыс SoundBar жүйесінде автоматтарты түрде ойнайды.

- 1 Жылдамдығы жоғары HDMI кабелін пайдаланып сандық күрылғыдағы **HDMI OUT** қосышын SoundBar жүйесіндегі **HDMI IN** қосышына қосыңыз.
- 2 SoundBar жүйесін теледидарға **HDMI OUT (ARC)** арқылы қосыңыз.
  - Егер ТД HDMI CEC үйлесімді болмаса, теледидарды дұрыс бейне кірісін таңдаңыз.
- 3 Жалғанған күрылғыда HDMI-CEC әрекеттерін қосыңыз. Мәліметтер алу үшін күрылғының пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз.

## Дыбысты теледидардан және басқа құрылғылардан қосу


Теледидардың немесе басқа құрылғылардың дыбысын Soundbar динамиктері арқылы ойнатыңыз.

Теледидарда, Soundbar жүйесінде және басқа құрылғыларда қол жетімді ең жақсы сапалы қосылымды пайдаланыңыз.

### Ескертпе

- Soundbar жүйесі мен теледидар HDMI ARC арқылы қосылған кезде, дыбыстық қосылым қажет емес. (ақылдаус 'Теледидарға HDMI (ARC) арқылы қосылу' бет 8)


**2-параметр: дыбысты аналогтық дыбыстық кабельдер арқылы қосу**  
Қарапайым сапалы дыбыс



- 1 SoundBar жүйесіндегі **AUX IN** (3,5 мм ұя) қосқыштарын теледидардағы немесе басқа құрылғыдағы **AUDIO OUT** қосқыштарына (қызыл және ақ) аналогтық кабельмен жалғаңыз.
- 2 Қашықтан басқару құралындағы **AUX** түймесін дисплей панелінде **AUX** көрсетілгенше қайта-қайта басыңыз.

## 1-параметр: Дыбысты сандық оптикалық кабель арқылы қосу

Ең жақсы сапалы дыбыс



- 1 Оптикалық кабельді пайдаланып SoundBar жүйесіндегі **OPTICAL IN** қосқышын теледидардағы немесе басқа құрылғыдағы **OPTICAL OUT** қосқышына қосыңыз.
  - Сандық қосқышта **SPDIF** немесе **SPDIF OUT** белгісі болуы мүмкін.

# 4 SoundBar жүйесін пайдалану

Бұл бөлім қосылған құрылғылардан дыбысты ойнату үшін SoundBar жүйесін пайдалануға көмектеседі.

## Бастау алдында

- Қысқа бастау нұсқаулығында және пайдаланушы нұсқаулығында сипатталған қажет қосылымдарды жасаңыз.
- SoundBar жүйесін басқа құрылғылардың дұрыс көзіне қосыңыз.

## Дыбыс деңгейін реттеу

- Дыбыс деңгейін жоғарылату немесе төмендету үшін **+/- (Дауысы)** түймесін басыңыз.
  - Дыбысты өшіру үшін **✖ (Дауыссыз)** түймесін басыңыз.
  - Дыбысты қалпына келтіру үшін **✖ (Дауыссыз)** түймесін қайтадан басыңыз немесе **+/- (Дауысы)** түймесін басыңыз.

## Дыбысты таңдау

Бұл бөлім бейне немесе музыка үшін тамаша дыбысты таңдауға көмектеседі.

## Дыбыс режимі

Бейнеге немесе музыкаға сай алдын ала анықталған дыбыс режимдерін таңдаңыз.

- Дисплей панелінен дыбыс опциясын таңдау үшін **SOUND** түймесін басыңыз.
  - AUTO:** дыбыс ағынына негізделіп дыбыс параметрін автоматты түрде таңдау.
  - POWERFUL:** корқынышты аркада дыбыстарын тындаңыз, экшн көп бейнелер және шулы кештер үшін тамаша.
  - BALANCED:** қосымша дыбыс әсерлерінсіз фильмдер мен музыканың бастапқы дыбысын тындау.
  - BRIGHT:** зеріктіретін фильмдерді және музыканы қосымша дыбыс әсерлерімен қызық етініз.
  - CLEAR:** музыкадағы әрбір детальды естікіз және фильмдердегі дауыстарды анық етініз.
  - WARM:** айтылған сөздерді және музика вокалдарын ыңғайлы тындаңыз.
  - PERSONAL:** таңдауға негізделіп дыбысты жекелендіріңіз.

## Көлемдік дыбыс режимі

Көлемдік дыбыс режимдерімен терен дыбыс тәжірибелін алыңыз.

- Айнала режимін қосу немесе өшіру үшін **SURROUND ON/OFF** түймесін басыңыз.
  - Қосу:** айнала тындау тәжірибесін жасаңыз.
  - Өшіру:** Екі арналы стерео дыбыс. Музыканы тындау үшін тамаша.

## Эквалайзер

SoundBar жүйесінің жоғарғы жиілік (жоғарғы дыбыс жиілігі) және төменгі жиілік (басс) параметрлерін өзгертиңіз.

- Жиілікті өзгерту үшін **TREBLE +/-** немесе **BASS +/-** түймесін басыңыз.

## Бейне мен дыбысты синхрондау

Егер дыбыс пен бейне синхрондалмаған болса, дыбысты бейнеге сай болатындаі кідіртіңіз.

- 1 Дыбысты бейнемен үндестіру үшін **AUDIO SYNC +/-** түймесін басыңыз.

## Авто дыбыс деңгейі

Басқа көзге ауысканда дыбыс деңгейін тұрақты сақтау үшін автоматты дыбыс деңгейін қосыңыз.

- 1 Автоматты дыбыс деңгейін қосу немесе өшіру үшін **AUTO VOL ON/OFF** түймесін басыңыз.

## Тұн режимі

Ақырын тыңдау үшін тұнгі режим дыбыс ойнатылған кезде қатты дыбыстардың деңгейін тәмемдегеді. Тұн режимі тек Dolby Digital динамиктері үшін қол жетімді.

- 1 Тұн режимін қосу немесе өшіру үшін **NIGHT ON/OFF** түймесін басыңыз.

### Ескертпе

- Дыбыс деңгейі қосулы күйге орнатылса, тұн режимін коса алмайсыз.

## Дыбысты Bluetooth арқылы ойнату

Bluetooth арқылы SoundBar жүйесін Bluetooth құрылғысымен (iPad, iPhone, сенсорлы iPod, Android телефоны немесе ноутбук сияқты) қосыңыз, сонда құрылғыда сақталған дыбыстық файлдарды SoundBar динамиктері арқылы тыңдай аласыз.

### Қажетті әрекеттер

- A2DP,AVRCP Bluetooth профилін қолдайтын және 3.0 + EDR Bluetooth нұсқасы бар Bluetooth құрылғысы.
- SoundBar жүйесі мен Bluetooth құрылғысы арасындағы ең үлкен жұмыс ауқымы — шамамен 10 метр.

- 1 SoundBar режимінен Bluetooth режиміне ауысу үшін қашықтан басқару құралындағы **BT** түймесін басыңыз.

→ **BT** дисплей панелінде жыптылықтап көрсетіледі.

- 2 Bluetooth құрылғысында Bluetooth функциясын қосыңыз, қосылымды бастау үшін іздел, **PHILIPS HTL6140** параметрін таңданызы (Bluetooth функциясын қосу жолы туралы Bluetooth құрылғысының пайдаланушы нұсқаулығынан қараныз).

→ Қосылу барысында дисплей панеліндегі **BT** жыптылықтайды.

- 3 SoundBar дыбыстық сигнал шығарғанша қүте тұрыңыз.

→ Bluetooth қосылымы сәтті орнатылғанда, дисплей панелінде **BT** көрсетіледі.

→ Қосылым сәтсіз орнатылғанда, дисплей панелінде **BT** үздіксіз жыптылықтайды.

- 4 Bluetooth құрылғысында дыбыс файлдарын немесе музыканы таңдал, ойнатыңыз.

- Ойнату кезінде конырау қабылданса, музыка ойнату уақытша тоқтатылады. Конырау аяқталғанда ойнату жалғасады (бұл мүмкіндік қосылған мобиЛЬДІ құрылғыға байланысты болады).
- Егер Bluetooth құрылғысы AVRCP профилін қолдайтын болса, әуенде еткізу үшін қашықтан басқару құралындағы **◀ / ▶** түймесін басыңыз немесе ойнатуды уақытша тоқтату/жалғастыру үшін **▶ II** түймесін басыңыз.

**5** Bluetooth құрылғысынан шығу үшін басқа көзді таңдаңыз.

- Bluetooth режимінде қайта ауысқанда Bluetooth қосылымы белсенді болып қалады.



### Eskertpe

- Музика ағыны құрылғы мен SoundBar жүйесін арасындағы қабырға, құрылғыны жабатын металл корпус немесе бірдей жиілікте жұмыс істейтін жақын жердегі басқа құрылғылар сияқты кедергілерден үзілі мүмкін.
- SoundBar жүйесін басқа Bluetooth құрылғысымен қосылызыз келсе, кезірігін ұқытта қосылған Bluetooth құрылғысын ажырату үшін қашықтан басқару құралындағы түймесін басып тұрыңыз.

## NFC арқылы Bluetooth қосу

NFC (жақын арадағы байланыс) мобилльді телефондары сияқты NFC-қосылған құрылғылары арасындағы қысқа ауқымды сымсыз байланысты іске қосатын технология болып табылады.

### Қажетті әрекеттер

- NFC функциясы бар Bluetooth құрылғысы.
- Жұптастыру үшін NFC құрылғысын SoundBar жүйесінің **NFC** белгісіне тигізіңіз.

**1** Bluetooth құрылғысындағы NFC іске қосыныз (мәліметтер үшін құрылғының пайдаланушы нұсқаулығын қараңыз).

**2** SoundBar дыбыстық сигнал шығарғанда NFC құрылғысын SoundBar жүйесінің **NFC** тегіне тигізіңіз.

- Алғаш рет косқанда кейбір мобилльді құрылғыларда жұптау туралы сұрау хабары пайда болады, қосылымды орнату үшін «YES» (Иә) жауабын таңдаңыз.

↳ Bluetooth қосылымы сәтті орнатылғанда, дисплей панелінде **BT** көрсетіледі.

↳ Қосылым сәтсіз орнатылғанда, дисплей панелінде **BT** үздіксіз жыпылықтайды.

**3** NFC құрылғысында дыбыс файлдарын немесе музыканы таңда, ойнатыңыз.

- Қосылымды үзу үшін қайтадан NFC құрылғысын SoundBar жүйесінің **NFC** тегіне тигізіңіз.

## MP3 ойнатқышы

Дыбыстық файлдарды немесе музыканы ойнату үшін MP3 ойнатқышын қосыңыз.

### Қажетті әрекеттер

- MP3 ойнатқышы.
- 3,5 мм стерео дыбыстық кабелі.

**1** 3,5 мм стерео дыбыстық кабелін пайдаланып MP3 ойнатқышын SoundBar жүйесіндегі **AUX IN** қосқышына қосыңыз.

**2** Қашықтан басқару құралындағы **AUX** түймесін дисплей панелінде **AUDIO IN** көрсетілгенше қайта-қайта басыңыз.

**3** Дыбыстық файлдарды немесе музыканы таңдау және ойнату үшін MP3 ойнатқышындағы түймелерді басыңыз.

## USB жад құрылғылары

MP3 ойнатқышы және USB флэш жады, т.б. сияқты USB сақтау құрылғысындағы дыбыстытыңдаңыз.

### Қажетті әрекеттер

- FAT немесе NTFS файлдық жүйелерімен пішімделген және көлемдік жад сыйныбына үйлесімді USB жад құрылғысы
- USB сақтау құрылғысындағы MP3 немесе WMA файлы

**1** USB жад құрылғысын осы өнімге қосыңыз.

- 
- 2** Қашықтан басқару құралындағы USB түмесін басыңыз.
  - 3** Ойнатуды басқару үшін қашықтан басқару құралын пайдаланыңыз.

---

#### Түйме Әрекет

- |              |   |
|--------------|---|
| <b>▶ / □</b> | Ойнатуды бастау, уақытша тоқтату немесе жалғастыру.   |
| <b>◀ / ▶</b> | Алдыңғы немесе келесі әуенге еткізу.  |
| <b>USB</b>   | USB ойнату кезінде қайталу немесе кездейсөк ойнату режимін таңдау немесе ойнату режимін өшіру үшін қайта-қайта басыңыз. |



#### Ескертпе

- Бұл өнім Windows Media Player арқылы түрлендірілетін WMA файлдарын колданады (басқа файл пішімін түрлендіргіштері арқылы түрлендірілген WMA файлдары жұмыс істемеү мүмкін).
- Егер USB сақтау құрылғысында үлкен мультимедиалық кітапхана болса, ол мазмұндарды жүктеу шамалы уақыт алғы мүмкін.
- Бұл өнім USB сақтау құрылғысынң белгілі бір түрлерімен үйлесімді болмауы мүмкін.
- USB ұзақтығын пайдалансаңыз, USB хабы немесе USB мульти оқу құрылғысы, USB жад құрылғысы таңылмауы мүмкін.
- Сандаулы камераңың PTP және MTP протоколдарына колдана көрсетілмейді.
- USB сақтау құрылғысы оқылып жатқанда, оны шыгарып алмаңыз.
- DRM көмегімен коргалған музика файлдарына (MP3, WMA) колдана көрсетілмейді.
- USB портын қолдана: 5 В == 1 А.

---

## Дисплей жарықтығын орнату

Осы өнімде дисплейдің басқа жарықтық деңгейін таңдау үшін **DIM** түмесін қайта-қайта басуға болады.

---

## Зауыттық параметрлерді қолдану

Бұл өнімді зауытта бағдарламаланған әделкі параметрлерге қалпына келтіре аласыз.

- 1** Кез келген сигнал көзі режимінде қашықтан басқару құралындағы **Дауысы - BASS** - және **TREBLE** - түймелерін кезекпен үш секунд ішінде басыңыз.
- Зауыттық параметрлерді қалпына келтіру аяқталған кезде бұл өнім автоматтарты түрде өшеді және қайта іске қосылады.

---

## Автоматты күту режимі

Жалғанған құрылғыдағы мультимедианы ойнатқанда, SoundBar жүйесі 15 минут түйме әрекетсіздігінен кейін және жалғанған құрылғыдан дыбыс/бейне ойнатылmasа күту режиміне өтеді.

## 5 Бағдарламалық құралды жаңарту

Ең жақсы мүмкіндіктерді және қолдауды алу үшін бұл өнімді сонғы бағдарламамен жаңартыңыз.

### Бағдарламалық жасақтама нұсқасын тексеру

HDMI ARC сигнал көзі режимиңде қашықтан басқару құралындағы **TREBLE - , BASS** - және **Дауысы** - түймелерін кезекпен басыңыз.

### Бағдарламалық құралды USB арқылы жаңарту

1 Ең соңғы бағдарламалық құрал нұсқасын [www.philips.com/support](http://www.philips.com/support) бетінен тексеріңіз.

- Үлгіні іздең, «Бағдарламалық құрал мен драйверлер» санатын басыңыз.

2 Бағдарламалық құралды USB жад құрылғысына жүктеніз.

- ① **Мұрағатталған болса, жүктеуді мұрағаттан шығарып, мұрағаттан шығарылған файлдың аты «HTL6140.BIN» екенін тексеріңіз.**

- ② **«HTL6140.BIN» файлын түбірлік каталогға салыңыз.**

3 USB жад құрылғысын осы өнімнің  (USB) қосқышына жалғаңыз.

4 Бұл өнімді HDMI ARC көзіне ауыстырыңыз.

5 Алты секунд ішінде қашықтан басқару құралындағы  түймесін екі рет және **Дауысы +** түймесін бір рет басыңыз, содан кейін **SURROUND ON** түймесін басып тұрыңыз.  
→ «UPG» (жаңарту) дисплей панелінде жыптылықтайды.

6 Жаңартуды бастау үшін  түймесін басыңыз.

- Содан кейін «UPG» (жаңарту) дисплей панелінде көрсетіледі.

7 Жаңарту аяқталғанша күтіңіз.

- Жаңарту аяқталса, бұл өнім автоматтты түрде өшеді және қайтадан қосылады.

#### ! Ескерту

- Бағдарламалық құралды жаңарту орындалып жатқанда қуатты өшірініз немесе USB жад құрылғысын алып тастаңыз, себебі өнім закымдалуы мүмкін.

# 6 Қабырғаға орнату

SoundBar жүйесін қабырғаға орнатпастан бұрын, барлық қауіпсіздік сақтандыруларын оқып шыбыныз.




## Ескертпе

- Қабырғаға дұрыс емес орнату сәтсіз жағдайға, жақарапқа немесе зақымға әкеуі мүмкін. Қандай да бір сұрағының болса, елініздегі тұтынушыларға коддау көрсету орталығына хабарласыныз.
- Қабырғаға кронштейнін өнім мен қабырғаға кронштейнінің салмағын ұстап тұра алатын қабырғаға орнатыныз.

## Бұранда ұзындығы/диаметрі

Қабырға түріне байланысты, бұл қабырғаға орнату кронштейнін орнату кезінде міндетті түрде ұзындығы мен диаметрі сәйкес келетін бұрандаларды пайдаланыныз.



SoundBar жүйесін қабырғаға орнату әдісін кысқаша бастау нұсқаулығындағы суреттен қараныз.

- 1) Қабырға кронштейнін қабырғаға дюбельдермен және бұрандалармен бекітіңіз.
- 2) Дыбыстық тақтаны қабырға кронштейніне іліңіз.

# 7 Өнім сипаттамалары



## Ескертпе

- Техникалық сипаттамалар және дизайн ескертуісін өзгертуілу мүмкін.

## Күшешіткіш

- Жалпы шығыс қуаты:  
320 Вт ОКМ (+/- 0,5 дБ, 10% THD)
- Жиілік жауабы: 20 Гц-20 кГц / ±3 дБ
- Сигнал-шу қатынасы: > 65 дБ (CCIR) / (А-өлшенген)
- Кіріс сезімтадық:
  - AUX: 500 мВ
  - AUDIO IN: 200 мВ

## Дыбыс

- S/PDIF сандық дыбыс кірісі:
  - Оптикалық; TOSLINK

## USB

- Үйлесімділік: Hi-Speed USB (2.0)
- Сынып қолдауды: USB Mass Storage Class (MSC)
- Файлдық жүйе: FAT16, FAT32, NTFS
- MP3 және WMA файл пішімдерін қолдайды
- Іріктеу жиілігі
  - MP3: 8 кГц, 11 кГц, 12 кГц, 16 кГц, 22 кГц, 24 кГц, 32 кГц, 44,1 кГц, 48 кГц
  - WMA: 44,1 кГц, 48 кГц
- Тұрақты сандық ағын:
  - MP3: 8 кб/сек-320 кб/сек
  - WMA: 32 Кб/сек - 192 Кб/сек
- Нұсқа:
  - WMA: V7, V8, V9



- Бұл өнім Windows Media Player арқылы түрлендірілетін WMA файлдарын қолдайды (басқа файл пішімінің түрлендіріштері арқылы түрлендірілген WMA файлдары жұмыс істемеуі мүмкін).

## Құту режимі туралы ақпарат

- 15 минут бойы әрекетсіз тұрса, өнім құту режимінің немесе желілік құту режимінің автоматты түрде аудысады.
- Құту режиміндегі немесе желілік құту режиміндегі қуатты тұтыну 0,5 Вт-тан азырақ болады.
- Bluetooth қосылымын өшіру үшін қашықтан басқару құралында Bluetooth түймесін басып тұрыңыз.
- Bluetooth қосылымын белсендірү үшін Bluetooth құралының көлемінде Bluetooth қосылымын белсендіріңіз немесе Bluetooth қосылымын NFC тегі (бар болса) арқылы қосыңыз.

## Bluetooth

- Bluetooth профильдері: A2DP,AVRCP
- Bluetooth нұсқасы: 3.0 + EDR

## Негізгі бөлік

- Куаттың камтамасыз етілуі:
  - Үлгі (Philips маркалы айнымалы ток қуат адаптері): DYS602-210309W; AS650-210-AA309
  - Кіріс: 100-240 В~ 50/60 Гц, 1,5 А
  - Шығыс: 21В ==, 3,09А
- Құту режиміндегі қуат тұтыну: ≤ 0,5 Вт
- Динамик кедергісі
  - Сабвуфер: 12 x 3 Ом
  - Твітер: 4 Ом
- Динамик диффузорлары:  
6 x 51 мм/2 дюйм сабвуфер +  
2 x 25 мм/1 дюйм твітер
- Өлшемдер (ExBxD): 1046 x 72 x 30 мм
- Салмағы: 1,5 кг

## Сабвуфер

- Қуат көзі: 220-240 В~, 50-60 Гц
- Куатты тұтыну: 60 Вт
- Құту режиміндегі қуат тұтыну: ≤ 0,5 Вт
- Кедергі: 3 ом
- Динамиктер: 1 x 203 мм вуфер
- Өлшемдері (exbxh): 208 x 301 x 403 мм
- Салмағы: 5,8 кг

## Қашықтан басқару құралының батареялары

- 2 x AAA-R03-1,5 В

# 8 Ақаулықтарды жою



## Абайланыз

- Ток соғу қаупі. Өтімнің корпусын ешқашан алмаңыз.

Кепілдік жарамдылығын сактау үшін өнімді ешқашан өзінің жөндеуге әрекет жасамаңыз. Егер осы өнімді пайдалануды мәселелер бар болса, қызметті сұрау алдында мыналарды тексерініз. Егер мәселе әлі бар болса, [www.philips.com/support](http://www.philips.com/support) бетінде қолдана алыңыз.

## Негізгі бөлік

### SoundBar жүйесіндегі түймелер жұмыс істемейді.

- SoundBar жүйесін қуат көзінен бірнеше минутқа ажыратының да, қайтадан қосының.

## Дыбыс

### SoundBar динамиктерінен ешқандай дыбыс жоқ.

- SoundBar жүйесінің дыбыстық кабелін теледидарға немесе басқа құрылғыларға қосының. Бірақ, мына жағдайда бөлек дыбыстық қосылым қажет емес:
  - SoundBar жүйесі мен теледидар **HDMI ARC** қосылымы арқылы қосылған немесе
  - құрылғы SoundBar жүйесіндегі **HDMI IN** қосышына қосылған.
- SoundBar жүйесін зауыттық параметрлеріне кайта орнатының.
- Қашықтан басқару құралында дұрыс дыбыс кірісін таңдаңыз.
- SoundBar жүйесінің үні өшірілмегендігін тексерініз.

Сымсыз сабвуферден ешқандай дыбыс жоқ.

- Сабвуферді SoundBar жүйесіне сымсыз жолмен жалғаңыз (ақылдасу 'Сабвуфермен жұптау' бет 7).

### Бұрмаланған дыбыс немесе жаңғырық.

- Егер теледидар дыбысын SoundBar жүйесі арқылы ойнатсаңыз, теледидардың үні өшірүлі екенін тексерініз.

### Дыбыс пен бейне синхрондалмаған.

- Дыбысты бейненемен үндестіру үшін **AUDIO SYNC +/-** түймесін басыңыз.

### Дисплейден қате туралы хабар көрсетіледі.

- «ERROR» жазуы көрсетілсе, бұл кіріс дыбыс пішіміне қолдау көрсетілмейтінін білдіреді.
- «USB ERROR» жазуы көрсетілсе, бұл жалғанған USB құрылғысына қолдау көрсетілмейтінін білдіреді.
- «HDMI ARC» жыптылықтаса, бұл жалғанған теледидар HDMI ARC үйлесімді емес екенін немесе қолдау көрсетілмейтін дыбыс пішімі анықталғанын білдіреді.

## Bluetooth

### Құрылғы SoundBar жүйесімен қосыла алмайды.

- Құрылғы SoundBar жүйесіне қажетті профайлдарды қолдамайды.
- Құрылғының Bluetooth функциясын қоспағансыз. Функцияны қосу жолын құрылғының пайдаланушы нұсқаулығынан караңыз.
- Құрылғы дұрыс қосылмаған. Құрылғының дүрystап қосының.
- SoundBar басқа бір Bluetooth құрылғысымен жұпталып қойған. Қосылған құрылғыны ажыратып, әрекетті қайталаңыз.

**Қосылған Bluetooth құрылғысынан дыбыс ойнату сапасы нашар.**

- Bluetooth қабылдауы нашар. Құрылғыны SoundBar жүйесіне жақындастыңыз немесе құрылғы мен SoundBar арасындағы қандай да бір кедергіні алғып тастаңыз.

**Қосылған Bluetooth құрылғысы тұрақты түрде қосылады және ажыратылады.**

- Bluetooth қабылдауы нашар. Құрылғыны SoundBar жүйесіне жақындастыңыз немесе құрылғы мен SoundBar арасындағы қандай да бір кедергіні алғып тастаңыз.
- Кедергіні болдырмау үшін Bluetooth құрылғысындағы Wi-Fi функциясын өшіріңіз.
- Кейбір Bluetooth үшін қуатты үнемдеу мақсатында Bluetooth қосылымын автоматтарты түрде ажыратуга болады. Бұл SoundBar жүйесінің бұзылғанын білдірмейді.

---

## NFC

**Құрылғы SoundBar жүйесімен NFC арқылы қосыла алмайды.**

- Құрылғыға NFC тараپынан қолдау көрсетілгендігін тексеріңіз.
- NFC құрылғыда іске қосылғандығын тексеріңіз (мәліметтер үшін құрылғының пайдаланушы нұсқаулығын қараныз).
- Жұптастыру үшін NFC құрылғысын SoundBar жүйесінің **NFC** белгісіне тигізіңіз.



Manufactured under license from Dolby Laboratories. Dolby and the double-D symbol are trademarks of Dolby Laboratories.



Manufactured under license under U.S. Patent Nos: 5,956,674; 5,974,380; 6,487,535 & other U.S. and worldwide patents issued & pending. DTS, the Symbol, & DTS and the Symbol together are registered trademarks & DTS Digital Surround and the DTS logos are trademarks of DTS, Inc. Product includes software. © DTS, Inc. All Rights Reserved.



© 2013 CSR plc and its group companies. The aptX® mark and the aptX logo are trade marks of CSR plc or one of its group companies and may be registered in one or more jurisdictions.



The terms HDMI and HDMI High-Definition Multimedia Interface, and the HDMI Logo are trademarks or registered trademarks of HDMI Licensing LLC in the United States and other countries.



The Bluetooth® word mark and logos are registered trademarks owned by Bluetooth SIG, Inc. and any use of such marks by Gibson is under license. Other trademarks and trade names are those of their respective owners.



The N Mark is a trademark or registered trademark of NFC Forum, Inc. in the United States and in other countries.



Specifications are subject to change without notice  
2015 © Gibson Innovations Limited. All rights reserved.

This product has been manufactured by, and is sold under the responsibility of Gibson Innovations Ltd., and Gibson Innovations Ltd. is the warrantor in relation to this product. Philips and the Philips Shield Emblem are registered trademarks of Koninklijke Philips N.V. and are used under license from Koninklijke Philips N.V.

HTL6140B/6140S\_12 (RU, UK, KK)\_UM\_V4.0

